

Л 2009  
13395к



СЫРДАРІЯ КІТАПХАНАСЫ

ШӨМІШБАЙ  
САРИЕВ



ШЫҒАРМАЛАРЫ











"MADENI MURA"  
MEMLEKETTIK BAĞDARLAMASYNYŇ KİTAP SERIYALARY  
QAZAQSTAN RESPUBLIKASYNYŇ  
TUNĜYSH PREZIDENTI NURSULTAN NAZARBAEVTYŇ  
BASTAMASY BOIYNŞA ŞYĜARYLDY

## Редакция алқасы

---

**Құл-Мұхаммед М. А., төраға**

**Алматов А.**

**Әбдікәрімов Ш.**

**Әлжік О.**

**Бердібаев Р.**

**Досжан Д.**

**Кәрібозұлы Б., жауапты редактор**

**Қасқабасов С.**


**Қоңыратбаев Т.**

**Момынбаев Б.**

**Оразбай И.**

**Рахматулла Ж.**

**Сейсекеева К.**



СЫРДАРИЯ КІТАПХАНАСЫ

---

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ  
ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ  
ҚЫЗЫЛОРДА МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

---

ШӨМІШБАЙ  
САРИЕВ



ШЫҒАРМАЛАРЫ

ЕКІНШІ ТОМ

“ФОАИАНТ” БАСПАСЫ  
АСТАНА-2008

**ББК 84 Қаз 7-5**

**С 22**

*Кітап Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің жанындағы «Халықаралық Қорқыт Ата мұраларын ғылыми-зерттеу орталығы» қоғамдық бірлестігінде дайындалып, баспаға университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен ұсынылды*

**Пікір жазғандар:**

**Ә. Рақымбекұлы** – ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі;

**Ж. Сәдуақасұлы** – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы

**С 22 Сариев Шөмішбай.**

**Шығармалары. Өлеңдер, балладалар; толғаулар мен поэмалар.**  
Т. 2. – Астана: Фолиант, 2008. – 352 б.

**ISBN 9965-35-462-6**

«Сырдария кітапханасының» құрамында беріліп отырған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі ақын Шөмішбай Сариевтің 2 томдық шығармалар жинағының екінші томына, негізінен, оның 1966-1990 жылдардағы және кейінгі кездері жазылған жырларының таңдаулылары енгізіліп отыр. Кезінде бұл туындылар «Тағдыр», «Заула, тұлпар-уақыт», «Өң мен түс», «Үш өлшем» секілді кітаптарда жарияланған.


Автор екі томдықты баспаға дайындау барысында әр жылдарда жазылған өлеңдерді тақырыбына, мазмұнына қарай саралап, жинақтың бағыт-бағдарын айқындай түседі, оқырман ойынан шығуға ұмтылады.

Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.

**ББК 84 Қаз 7-5**


**ISBN 9965-35-462-6 – (Т. 2)**  
**ISBN 9965-35-460-X**

© Сариев Шөмішбай, 2008  
© «Фолиант» баспасы, 2008



# САҒЫНЫШЫМ – ТЕНІЗ

Өлеңдер мен балладалар



## ҚИЯЛЫМ ЖЕТЕЛЕЙДІ КӨЛЕҢКЕММЕН СЫРЛАСУ

Қара жердің қойнына енем мен ертең,  
Маған лайық жер табады кең өлкем.  
Қайда барсам сен қалмайсың жанымнан,  
Келе жатсың бала күннен, көлеңкем.

Қарай ма адам дүниеге тойыммен?  
Көлеңкем де бірге есейді ойыммен.  
Қаз-қаз басқан кезімізден бірге өстік,  
Сен де ұзардың менің өскен бойыммен.

Көлеңкеме қарап білдім еңсемнің,  
Өзім қандай – саған қарап мен сендім.  
Менің жастық кезім болып қыдырдың,  
Менің мастық кезім болып теңселдің.

Бұл өмірдің өлшеп-пішіп парқын да,  
Көлеңкемсің, қалма ізімнен, тартынба!  
Күншуаққа қарап тұрдым шомылып,  
Ал, сен болсаң құлап жаттың артымда.

Қолым жетпей, қиял ұзап жеткенмен,  
Ауыл аттап, арман сапар шеккеннен.  
Сен жанымнан кетпей қойдың, көлеңкем,  
Талай достар мені тастап кеткенмен.

Гүл боп жайнап ғұмырым да соларсың,  
Бірге ұшып, бірге екен қонар шың.  
Қайда барсам қалмайды екен көлеңкем,  
Қабірге де бірге енетін боларсың.



Төсегінен қайта тұру – мықтылық,  
Жұмыр жермен келе жатам тік тұрып.  
Көлеңкем де келе жатыр ербеңдеп,  
Менің тірі екенімді ұқтырып.

Қойнына енем қара жердің мен ертең,  
Маған лайық жер табады кең өлкем...  
Менің осы тік тұра алар арқамда  
Туған жерге аунап жатыр көлеңкем.

## АҚЫН МОНОЛОГЫ

### *Ұлы Мағжанға*

Сезінемін дүние қарбаласын,  
Қазағымның сүйемін әр баласын.  
Сүймесіңе бола ма әрбір ұрпақ,  
Туған халқын – ғұмырын жалғағасын?!

Тартып келем тағдырын түрлі азаптың,  
Жүрегіне жетсем деп бір қазақтың.  
Қайғыны, қасіретті арқаладым,  
Тауқымет тарттым талай, мұңға баттым.

Тартынбай тағдыр жүгін сал иыққа...  
Айналсам деп Алатау ақиыққа;  
Жазсам да жүз өлеңді, бөлкім мен де  
Бір өлеңмен қалармын тарихта!

Ол бөлкім өмір жайлы өлең болар,  
Аққудай айдын көлге менен қонар.  
Сарыарқа – сарыбелдің киігіндей,  
Дүр етіп жүрегімнен жөнелді олар!

Бір өлең, сені күтіп келем енді,  
Құдірет сезім күші бөлеп елді.  
Ананың ақ сүтіндей, уыз дәмді  
Мен жазып қалдырамын сол өлеңді!

Ол өлең – не жайында, жұмбақ маған?  
Дүние, Тәңірімдей тіл қат маған!  
Мен үшін әр қазақтың бағасы артық,  
Нарқы артып, әр күн сайын қымбаттаған.

Өлім – хақ адам көкті тірегенмен,  
Табысып, тоғысатын тілегі елмен.  
Мен өлмеймін, өмірде мен тірімін,  
Айтылған, айтылмаған бір өлеңмен!

Білемін ғұмыр болмас алда мұнша,  
Қағам қанат – қанатым талғанынша.  
Мен өлмеймін өмірде, мен тірімін –  
Жер бетінде бір қазақ қалғанынша!

## ЖЕЛТОҚСАН

Дауылға – желтоқсанның желі айналды,  
Ашуға мінді Алатау кәрі, айбарлы.  
Күтпеген іс ақыры не болар деп  
Күллі әлем Алматыға қарай қалды!

Кез емес жаугершілік «аттан» атты,  
Алаңның шеруі емес салтанатты.  
Қытымыр қыстың басы сол бір айда  
Желтоқсан желі әлемді жалт қаратты.

Солайша таудан бір сел тасып өтті,  
Оятып, ойға салып басым көпті.  
Бар ауыл ішкен асын жерге қойып,  
Бауыр ет баланы ойлап жасын төкті.

Айттыса сабыр-сезім, ақыл-күмән,  
Тойтарыс беру қиын батыл бұған.  
Дем берді басын оққа байлап шығып,  
Алғашқы сөз алғанда ақын Жұбан.

Әр жүрек секем алды төнер оқтан,  
Бір дауыл көтеріліп келе жатқан.  
Ең алғашқы ақындық бір ауыз сөз  
Ел-халқын сақтады аман сел-апаттан.



Сол сөзінен ақынның басталды да,  
Ашылып сала берді аспан мына.  
Сел тоқтап, кәрі Алатау бір дем алды,  
Салғанмен сергелдеңге қашқан жыра.

Ақын аға, өзіңе, жырға келдім,  
Жүрегіне айналдың туған елдің.  
Тоқтау айтқан ақындық бір сөзіңнен,  
Бұл күнде бәрі өзгерді күллі әлемнің.

Қазағың қозғағанда ел, ғаламды,  
Қорғадың, қорғағандай бел балаңды.  
Желбіреп желтоқсанның кекілдері  
Тоғысып туған жерге – елге оралды!

Жұбан аға, жыр – демің, ел – тынысың,  
Толғандың теңізіңнің толқыны үшін.  
«Мың өліп, мың тірілген» ақын едің,  
Қазағың аман болса – сен тірісің!

Тербетіп толқын-сезім бойды алып бір,  
Тау шыңын – ызғарлы мұз ой қарып тұр.  
Желтоқсанның желінен айыға алмай,  
Алатау әлі күнге ойланyp тұр!

### ҮШ ТАРМАҚ

Жайымды бірі білмей, бірі біліп,  
Қуанып, дұшпанымның бірі күліп,  
Бір досымнан айрылдым тірі жүріп.

Өзекті жанға бір өлім, қаза бар-ды,  
Жағаласып тіршілік мазаны алды,  
Бір досымнан айрылдым, ажал алды!

Дауыл емес, соққандай жайынды сен,  
Жыр-ғұмырым, білесің жайымды сен,  
Бір досымнан айрылдым, айырды сен!

Бойдақ кез тұлпар текті, заты нар-ды,  
Кермек дәм, ыдысының таты бар-ды,  
Бір досымнан айрылдым, қатыны алды.

Сөзінің ішек-қарнын сан ақтардым,  
Таба алмай орнын сипап қарап қалдым,  
Бір досымнан айырды арақ марқұм.

Кенеттен ыза тартып, сыздап іші,  
Күйіп кетті сор болып тұздан іші,  
Бір досымды айырды қызғанышы.

Теңізде жүзсем деген кедем бар-ды,  
Кеудеме тас түйін боп шемен қалды,  
Айнымас, ақырғы дос – өлең қалды.

Тағдырға не де болса көне білген,  
Айнымас достарды іздеп өлеңіммен,  
Жаһанда жаяу, жалғыз келемін мен!

Жырларым – жиһангерім, сен тоқтама,  
Жатайын досым бар деп ол жақта да,  
Дос ізде ұлы өмірден мен жоқта да!

### МИЫМ МЕНІҢ...

Миым менің мәңгілік қозғалыста,  
Бірінен бірі озған сөз жарыста.  
Баянды болашақты барлай қалсам,  
Қиялым жетелейді көзді алысқа.

Ақын ба, ақын емес өз демі жоқ?!  
Кеудемнің сенен, дүние, сезгені көп.  
Миымда дариялар жатыр ағып,  
Бұлақ пен өзендердің көздері көп.

Сақталған аманаттай күн қиында,  
Ғасырлар қабат сыйған бұл миымда.  
Қиқулап қаз-аққуы көгінде ұшқан,  
Киіктер заулап аққан ылдиында.



Күллі әлем бір басыма сыйып жатыр,  
 Жылдарын, ғасырларын жиып жатыр.  
 Енді маған әр қадам қиында тұр,  
 Қаратау, Алатаулар миымда тұр.

Тас жарып өскен сезім күн қасымда,  
 Бабамның ақыл-ойы бір басымда.  
 Демеу беріп келеді, дүрсіл қағып  
 Жарықтық, жүрек дейтін мұңдасым да.

Алатауға сағынып бір қараймын,  
 Жүрегімнің кірпіші – жыр қалаймын.  
 Кейде мен биіктеймін қарлы шыңдай,  
 Кейде мен таудан төмен сырғанаймын.

Миым менің тынымсыз күн кешеді,  
 Оңаша Төңірімен тілдеседі.  
 Аққудың қауырсыны ақ мамықтай,  
 Бұлт болып жүрегімнен жыр көшеді.

Мен неге халқым жайлы толғанбайын?  
 Бір басыма күллі әлем қонғандайын.  
 Миымда найзағайлар жарқыл қағып,  
 Шулайды кеудем толқып ормандайын.

Дос қуанып, дұшпанның құты қашқан,  
 Басыма сыйып жатыр үкілі аспан.  
 Қазақты сүйгендіктен мұның бөрі,  
 Көзін маған тұр тігіп бүкіл аспан!

### **ТУҒАН ЖЕРГЕ ТҰРАҚТЫ...**

Кезем десең дүние неткен кең еді,  
 Теңіздерден көрем жүзген кемеңі.  
 Тұрақтамай көкте бұлттар жөңкілген,  
 Тұрақтамай жел де сапар шегеді.

Кеудеңе осы қалай, қайтіп сиясың?  
 Күзде құстар тастап ұшар ұясын.  
 Таулар ғана туған жерге тұрақты,  
 Қыран ғана қия алмайды қиясын.

Топырақтан тартып жатқан қуатты,  
Еңсесімен күннен тартып шуақты.  
Тамыр жайған жерде өлетін тік тұрып,  
Туған жерге талдар ғана тұрақты.

Атамекен ай мен күнін айналған,  
Қасиетті жиған дала қайнардан.  
Тал мен таудай қазақ біздің тұрақты,  
Туған жерге кіндік жіппен байланған...

### БАЛАЛЫҚПЕН ҚОШТАСУ

Кеудемнен бір бұлқынған сазды көрем,  
Қанатты қаққан аққу-қазды көрем.  
Теңіздің жағасында тұңғыш рет  
Жалғаннан жасырынып жаздым өлең.

Ұят деп біреу білсе ел ішінде,  
Теңізге қойып кеттім сол үшін де...  
Батылым әзер жетіп жолдап едім,  
Өлеңім жарық көрді он үшінде!

Құшақтағым келгені-ай ұлы көкті,  
Ғажайып сезім кештім құдіретті.  
Бейнем тұр, не де болса көрейін деп  
Өлеңмен сала салғам суретті.

Почтальон әкесі бар досым жетті,  
Күн өтпей, газеттен соң тосын кепті.  
Төтеннен келді бір телеграмма,  
Мен түгіл, әке-шешем шошып кетті!

– Қарап жүр, – деп едім, – деп құлақ қойып,  
Көбейді ата-анамнан сұрақ қойыс...  
Атыма күтіп ал деп біреу берген,  
Ауылға тоқтайтұғын бір-ақ пойыз!

Ақын жүрек әкем жүр дүлейленіп:  
– Бүлдірдің-ау! – дегендей бір ой келіп.  
Қорқа-қорқа перронға шықтым өрең,  
Күтіп алар адамнан үрейленіп.



Ауыл тұр қаратабан шаруамыз деп,  
 Құмында жалаң аяқ қалған із көп...  
 Күткен поезд сәл тоқтап жүріп кетті,  
 Мен тұрмын бейтанысты шарлап, іздеп!

Кіріскем күтіп алар шаруама,  
 Мазасыз, бір тыным жоқ жаныма да.  
 Перронда бейтаныстан жалғыз адам,  
 Оның өзі менен жас сары бала!

Басқаға өлгі бала алаңдамай,  
 Келеді қолын созып маған қарай.  
 Қол созған күлімсіреп жұмбақ жанға  
 Қол алып, қол бермеске шамам қалай?!

– Ақынбыз! – деп танысты жақын ғана,  
 Шынашақтай түрімен батылдана.  
 Облыстық газеттегі өлеңімді,  
 Келіпті құттықтауға ақын бала!

Келеміз Қамбаш көлдің бойыменен,  
 Оралып өлгі ақынның ойына өлең:  
 – Ақындар шарап ішеді... – деп қояды,  
 Бір қарыс шынашақтай бойыменен!

Келгелі көңіл деген кетті ме өсіп?  
 Сөйлейді шарапқа да екпін қосып.  
 Арақты ішкендерден қорқатынмын,  
 Ақынның бұл сөзінен кеттім шошып!

Көкейді өрт сезімдер өртеп өтіп,  
 Болжадық болашақты көркем етіп.  
 Ақын ғып кәдімгідей толқынымен  
 Көл тұрды екеумізді еркелетіп.

Ал қазір еске оралса күлер ме едік?..  
 Жанға ұқсап, жасайтындай бірер ерлік.  
 Сұранып үйімізден біз екеуміз,  
 Теңіздің жағасында түнеп едік.

Еске алып, еске алмай да өтерміз бе?  
Көк теңіз шуламапты бекер бізге.  
Балалықпен қоштасу екенін біз  
Сол кезде аңдамаппыз екеуміз де!

Жүрегім сол баланы досы білді,  
Жырладық өмір жайлы қосып үнді.  
– Ақынмын! – деп танысқан әлгі бала  
Жарасқан Әбдірашев осы күнгі.

## СӘЛЕМ

*Актер Әнуар Боранбаевқа*

Әрбір күнім басталады сәлеммен,  
Таңда тұрып саулық сұрар бар елден.  
Дүниеге нәресте үні іңгөлап,  
Амандасар ең әуелі әлеммен!

Сәлемімен нұр жаудырған жыршы бұлт,  
Жапыраққа сәлем берген бүр шығып.  
Жерді тіреп аяғымен тік тұрар,  
«Ассалаумағалейкумнен» тіршілік!

Келе жатам кейде аңызға шөлменен,  
Сәлем беру бір парызым елге мен.  
Адамдармен аз ғұмырда үлгеріп,  
Амандасып қалу үшін келген ем!

Саулығымды тілеп жүрер ішінен,  
Иман жүзі шырай беріп түсінен.  
Бұл өмірде бір жақсылық күтемін,  
Сәлемімді түзу алған кісіден.

Сенсе қазақ сәлеміңе сенеді,  
Сәлем менің қолтығымнан демеді.  
«Ассалаумағалейкум» деп басты иіп,  
Алатаудың қолын алғым келеді!



Амандасам мәңгі көктер шыршамен,  
Бір сәлемге сыяр емес мұнша әлем.  
Ал, әзірге қолдан келер осы деп,  
Ел-халқыма беріп тұрмын бір сәлем!

Адам үшін арман жолдар аз ба сын?  
Түтін түтеп, ошақ оты маздасын.  
Үлкендері қазағымның аман боп,  
Жасы кіші сәлемінен жазбасын!

Мен – қазақтың перзентімін бағы бар,  
Сенсің жұртым, Тәңірімдей табынар.  
Аз тірлікте амандасып қалайын,  
Уа, халайық, сәлемімді қабыл ал!

## ТУҒАН ЖЕРІМ ҮШІН ДЕ...

### 1

Атымды Шөмішбай деп қойған екен,  
Есімім, өзің жайлы ойға кетем.  
Ойыммен Аралымды он айналып,  
Сырымдай дарияны бойлап өтем.

Туған жердің атын мен иемденгем,  
Сол есімге мәңгілік сүйенгеннен;  
Келемін жерді басып, аспан көріп,  
Тамыр тартып қазағым – киелі елден.

Атымды қойған екен, теріс демен,  
Станция, ел-жұрт бар Шөміш деген.  
Көл де бар Шөмішкөл деп аталатын,  
Ежелгі ата жұртқа қоныс мекен.

Қалжыңның оты сөнген жоқ қой өлі,  
Әзілдеп құрдастарым от қояды:  
«Елді мекен бар екен өз атында,  
Өле берсең болады», – деп қояды.

Кеудемде – кен-қазынам, қазып көрем,  
Жаныма бітпес ойды азық көрем.  
Өлеңнің қанатына сол есімді  
Туған жерім үшін де жазып келем!

## 2

Қанат беріп көгімде қыран маған,  
Қуат беріп Құдайым, ұлан далам.  
Бала кезде сезінгем ұлы ақындай,  
Өз-өзімнен бүгінде күмөнданам.

Барады бойды билеп күмөн жайлап,  
Күдікті көңілімнен шығам ба айдап?  
Үзілмей, не жеткізбей үміт деген  
Желбіреп көз алдымда тұрар байрақ.

Кеудеме бұлақ-тұма қайнары еттім,  
Тұңғыық мұңым іште, жайнап өттің.  
Оянсам өңімде емес, түске айналып  
Баяғы бала-арманым қайда кеттің?!

Кейінгі алдыңғыдан аңсар мейірім,  
Әзілдеп, білдіргендей көусар пейілін.  
Қояды ағаларым: «Пушкинбай», – деп,  
Мен енді Шөмішбай боп қалсам деймін.

Ойдың кенін талайлар қазған шығар,  
Өлең – жүрек әуені саздан шығар.  
Басқа емес, басқа да емес жазмыш маған  
Шөмішбай боп қалуды жазған шығар...

## БІЗДІҢ ҒАСЫР

### КЕРУЕН САРАЙ

Кейде ағат, кейде барлап байқағым кеп,  
Кейде артық, кейде кемдеу айтамын деп...  
Адаммен арақатынас жолдарымды  
Жүремін бұзып алып, қайта жөндеп.

Қиямет-қайым керуен жолдарымның,  
Көшінде алға тартқан арманымның,  
Жүктері ауып қалып жүреді әр кез,  
Өркеші айыр атан, нарларымның.

Өрілген қамшы жолдар өрге тартып,  
Кең далам қайда жүрсем төрден де артық.  
Жүктерім ауып қалса, аялдап сәл,  
Келемін жол-жөнекей теңдеп артып.

Дос, дұшпан қиянатын кешірген ем,  
«Ғұмырым босқа өтті-ау, есіл», – демен.  
Жүктері әр кез ауып, жөнделетін,  
Қызықпын керуен сарай, көшімменен.

Не шығар ботадайын боздағанда?  
Өкінбен жұрттан ылғи озбағанға.  
Елге де жете алмасам арманым жоқ,  
Көп болса, қалар көшім өз даламда!

### ТЕҢІЗ ДЕМІ

Қаңқылдап құсың қонғандай,  
Тұра алмас айдын толғанбай.  
Жібектей жаның желбірер,  
Теңізден соққан жел қандай?!

Тебірене толқып тербеген,  
Толқыны өршіп, өрлеген,  
Желбірер жаның – жапырақ,  
Теңізден соққан желменен!



Табиғат, маған жанар бер,  
Толқыннан туған табанды ел...  
Көтерер патша-көңілді  
Теңізден соққан самал жел.

Толқыннан толқын – күй табам,  
Ән табам әсем шырқаған.  
Теңізден соққан жел қандай,  
Жаныңды жайлап сипаған?!

Толқыннан асау, қуатты,  
Күмбір де күмбір күй ақты.  
Тербесем елді жаныммен,  
Теңіздің желі сияқты.

Нақышын күйдің келтіріп,  
Жартасқа соғып, серпіліп.  
Ояңды толқын жанымнан,  
Теңізден соққан жел тұрып!

Жағалау көрмес тыныстап,  
Толқыны – шабыт, ырыс, бақ.  
Теңізім ескен желімен  
Шашады жырын уыстап.

Қашан да болсын сені мен,  
Шағаласы ұшқан көгінен;  
Толқыннан күміс жыр шашып,  
Сүйемін теңіз демімен!

## ОРМАН ЖЫРЫ

Ақын Абай!  
Әруағыңнан айналдым,  
Ақиығым, Алатауым, айбарлым.  
Саған деген сапарыма сайландым,  
Абай емес, арманыма айналдың.

Ақын Абай!  
Дала болып толғандым,  
Домбырамды, мен де жырлап, қолға алдым.  
Біле тұра барын азап жолдардың,  
Ортасына ендім қалың орманның.

Айта алар кім бір сөзімді жалған деп?  
Аспанымнан аңқияды аңғал көк.  
Орман деген сырттай сұлу болғанмен,  
Жалғыз қалсаң жұтып қояр аңдар көп!

Аю, барыс жүреді, әне, маң басып,  
Кезекті бір жемнің жайын қамдасып.  
Аяғыңа оратылып зәр шашар  
Жымысқы көз жыландар да арбасып.

Бір ауызға жем боп, қор боп кетермін,  
Анық жүріп, анық бассам не етермін?..  
Жәудірейді көзім нәзік еліктей,  
Жүйріктікке бекер сенген екенмін.

Қорқып, сасып қоян қашқан шығандап,  
Көріп келем орманымнан сыр аңдап.  
Азулыға айла тауып ұстатпай,  
Қу түлкінің құйрығы жүр бұлаңдап.

Жамандық пен жақсылықтың сәті тез,  
Табан асты кез болады қапы кез.  
Орманымның бұлбұлдары сайрайды,  
Тіршілікті ұмыттырып қатыгез!

Келем, орман, мен өзіңді құт біліп,  
Жер төсінен гүлдер жарып, шықты үміт.  
Аққулары арманымның жүзеді  
Сұлулықтың тірі екенін ұқтырып.

Бұл орманда бір-бірінен озған бар,  
Не жоқ дейсің, көкке қолын созған бар?  
Мақпал түнде айға қарап ұлиды,  
Алты қарыс – аузы қанды көкжалдар!

Ит тұмсығы батпас тоғай болған ғой,  
Сонда дағы құстары ұшып қонған ғой.  
Сырт айналып түңілмеңдер, ағайын,  
Бұл бір ғажап, бұл бір сұлу орман ғой.

Алаулаған көзді барлап бар гүлі,  
Аунай қалсаң жапырылар шалғыны.  
Орманымның жұлдыз шашқан көгінде  
Түнгі аспаным ай үстінде қалғыды.

Сыңсып тұрған табиғаты сымбатты-ақ,  
Халқым үшін қасиетті қымбат бақ.  
Аяғыңды аңдап-аңдап басасың,  
Гүл орманды кетпеу үшін бұл таптап!...

Жүрегімді жұдырықтай тас түйіп,  
Шындық үшін жартасты ұрдым қасқиып!  
«Артық айтқан жерлерімді кешір», – деп,  
Орманыма тұрмын, міне, басты иіп.

Абай аға, саған қарап толғандым,  
Домбырамды, қаламыммен қолға алдым.  
Бір өзіңнен тамыр жайған бар ағаш,  
Ортасында мен де бармын орманның!

Абай аға, өзге заман, таң да өзге,  
Жоқ-ау бірақ бас имейтін жан сөзге.  
«Өз орманым қалай өсіп жатыр?» – деп  
Көз қырыңды бір салып қой әр кезде!

## КӨЛЕҢКЕ

Дені сау ма?  
Әлде өзі масаң ба еді?  
Мінезі, мінез емес, қасаң да еді:  
– Көзіңше, көз алдында көлеңкеңді  
Мыжғылап табаныммен басам, – деді.

Алдына «Басып көр!» деп тұра қалдым,  
Иттің бұл иттігіне шыдағанмын.  
Ақтарып ақиқатты айтып салып,  
Кінәм сол – кемшілігін сынағанмын!

Арамза арамдықты көп біледі,  
Дұшпандық көзі неткен өткір еді?!  
Мен тұрмын не болар деп, көлеңкемді?  
Әлгі жан озбырланып тепкіледі.



Ісіне мәз болады күліп, кекті...  
 Қарасам дұшпаныма бұрып бетті.  
 Көлеңкем түрегеліп, о, ғажайып,  
 Әлгінің кеудесіне шығып кетті!

## ҚҰС-ТАҒДЫР

Көңілін маздар қызыл шоққа балап,  
 Жүрегін лаулап жанар отқа балап.  
 Адам бір кез ұшатын құс болғандай,  
 Күрсінсе, күрсінеді көкке қарап.

Тап болып борасынға дауыл күні,  
 Кез болып қиын тағдыр, ауыр сыны.  
 Аққулы, қыран жүрек талайлардың,  
 Жұлынып қалған қанат, қауырсыны...

Болған соң қанаты жоқ құсалы жан,  
 Енді амалсыз қиялмен ұшады адам.  
 Жер жібермей тұрады жеме-жемде  
 Айрылып қалатындай құшағынан.

Не бітер деп мұңайып, торыққаннан?  
 Жерде де көк сияқты жолықты арман.  
 Кім білсін бір кез адам құс болды ма,  
 Қия алмай туған жерін қонып қалған?...

## ТАБИҒАТ ТАНЫТҚАНДА...

Ағыл-тегіл төгілген ырыс бақты,  
 Мырза тағдыр қолыма уыстатты.  
 Жапырақ, жаным менің табиғаттан  
 Егіздің сыңарындай туыс тапты.

Дүниені айнамас досым етті,  
 Кеудеме тірлік дөнін қосып екті.  
 Көзімде төңкерілді мөлдір аспан,  
 Мен үшін жаратқандай осы көкті.

Жанымның қызғалдағы гүл-гүл жарып,  
Бағыма қонды таңнан бұлбұл барып.  
Мен қалай жақсылыққа жақын жүрмен,  
Табиғат танытқанда бір мырзалық!

### «МАНАС» АРАЛЫ

*Арал теңізінде «Ұялы», «Аван», «Барсакелмес», «Көкарал» сынды аралдар бар. Соның бірі – теңіздің шығысындағы «Манас» аралы. Бұл арал аты Қазақ Кеңес энциклопедиясына да енген.*

Еркелеп, өзен тауды асып,  
Толқындар ойнап аунасып,  
Сырдариямен жалғасып,  
Қырғыздың Алатауынан  
Бас алып аққан арынды,  
Өзеннің аты – «Нарын-ды».  
Туысып жатқан қос өзен  
Толғантқан менің жанымды.

Теңселіп, тербеп мол бағын,  
Толқындар жырлап толғамын,  
Ағызып тасты жолда құм,  
Сырдариям арқылы,  
Аралға келіп құяды  
Арқырап аққан сол Нарын!

Толқында қандай кінә бар?  
Тасымай қалай тұра алар?  
Туған жердің торқалы,  
Топырағынан құралар,  
Айдынды Арал маңында,  
Теңіздің шығыс жағында  
Пайда болған бір арал!

Сонау шақта...  
Толқын атып лап қойған,  
Бас көтеріп теңіздің  
Ортасында қап қойған...